

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысының хаттамасы**

№ 3 хаттамасы

Жангелдин ауданы

27.05.2025 жыл

Торғай ауылы

Конкурс комиссиясының төрағасы: Қасым Абай Қасымұлы

Конкурстық комиссия хатшысы: Раисова Алуа Турсынғалиевна

Қатысушылар: комиссия мүшелері

«Жангелдин аудандық маслихатының аппараты» ММ маслихат төрағасы Ержигитова А.М *(келісім бойынша)*, «Жангелдин ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ сектор меңгерушісі Жангабулова А.Ж *(келісім бойынша)*, «Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Жангелдин ауданының білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» филиалының төрайымы Темирова Ж.К. *(келісім бойынша)*, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (ММ) сектор меңгерушісі Раисова А.Т *(келісім бойынша)*, «Жалын» Жанкелді аудандық Жастар ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасы- Бейсенбек М.А. *(келісім бойынша)*, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (ММ) үнемдеушісі Қойбағарова Ж.Ж.

Күн тәртібінде:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі ұйымдардың тізбесіне енгізілген ЖК Сафарғалиев Асхат Надимович, «Жылы Ұя» балабақшасына қосымша 25 орын беру

А.Т.Раисова білім бөлімінің сектор меңгерушісі

Тыңдалды: Жангелдин ауданы білім бөлімінің мектепке дейінгі білім және тәрбие беру бойынша әдіскері А.Б.Раисова Қағидалардың 23-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және еңбек қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру еңбек нарығы қажеттілігін есептей отырып, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі ұйымдардың тізбесін нақтылау қажет. Ауданымызда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 1 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ашылды. ЖК Сафарғалиев Асхат Надимович, «Жылы Ұя»

балабақшасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Қайнекей 9 көшесі. 50 орындық;

Осы аталған балабақша қосымша 25 орынға мемлекеттік тапсырыс алуға құжаттар ұсынды.

Конкурстық комиссия мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырған жекеменшік мектепке дейінгі ұйым ұсынған құжаттарын қарастырып, ашық дауыс беру нәтижесін ескере отырып, комиссия **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Жангелдин ауданы бойынша 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың Тізбесіне енгізілген ЖК Сафарғалиев Асхат Надимович, «Жылы Ұя» балабақшасына қосымша 25 орынға мемлекеттік тапсырыс берілсін.

Конкурстық комиссиясының төрағасы:



А.ҚАСЫМ

Конкурстық комиссиясының хатшысы:



А.РАИСОВА

Комиссия мүшелері:



А.ЕРЖИГИТОВА

А. Жангабулова



М.БЕЙСЕНБЕК



Ж.ТЕМИРОВА



А.РАИСОВА



Ж.ҚОЙБАҒАРОВА